

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ

Ескулова А.

*Қазақ тілі және әдебиеті
бағыты 4-курс студенті;*

*Жетекшісі Дуйсабаева Д.У.,
Низами атындағы ТМПУ
доценті.*

***Аннотация.** Мақалада қазақ тіліндегі бірыңғай мүшелердің зерттелу жайы, өзіндік сипаты мен оларды оқыту жолдары жайлы сөз болады. Бірыңғай мүшелердің емлесі мен тыныс белгілерін оқыту заңдылығының өзіндік ерекшелігі мен әдістемелік-ғылыми қағидаттар жайлы мәселелерге тоқталған.*

***Тірек ұғымдар:** бірыңғай мүше, сөйлем мүшесі, әдіс, тыныс белгі, ұғым, атау.*

Сөйлем мүшелері жеке қолданылуымен қоса топ-тобымен де қолданылады. Оларға бірдей сұрақ қойылып, бірдей синтаксистік қызмет атқарады. Қазіргі қазақ тіліндегі тілдік категориялардың басқа түрлері сияқты сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің де өзіне тән қалыптасу, даму ерекшеліктері бар. Ғалымдардың бірыңғай мүшелерге берген анықтамалары формасы жағынан біраз өзгеше болса да, айтар ойлары, шығарар тұжырымдары бір болды.

Сөйлемде бірыңғай бір – ақ мүшенің қызметін атқарып, бір –ақ сұрауға жауап беретін және бір – ақ сөзбен байланысатын біркелкі тұлғалар болады. Олардың логикалық мағына жағынан да біркелкілігі байқалады. Бұлар сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады. [1,661]

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын, бір ғана сұраққа жауап беретін, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобы. Сөйлемнің барлық мүшелері де сөйлемнің бірыңғай мүшесі бола алады. [2,78]

Сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, көбінесе өзара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады. [3,160]

Бірыңғай деп грамматикалық қызметі жағынан, грамматикалық формасы жағынан, грамматикалық байланысы жағынан ыңғайлас келген мүшелерді айтамыз [4; 166]

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері деген терминнің өзі сөйлемнің лексикалық немесе морфологиялық мағынасы туралы емес олардың сөйлемдегі синтаксистік сипатын білдіреді. Мектеп оқушыларына осы мәселелерді ұғындыру жолдары да күрделі, негізгі мақсат бірыңғай мүшелер, олардың

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

байланысы және оларға байланысты қойылатын тыныс белгілері жайлы түсінік беру.

Алдымен бірыңғай мүшелердің негізгі белгілерін түсіндіру қажет:

1. Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысып, біркелкі сарындағы дауыс ырғағымен бөлініп айтылады, басқаша айтқанда, санамалау интонациясымен айтылады.

2. Ортақ бір сұрауға жауап береді.

3. Бірыңғай мүшелер көбінесе бірыңғай тұлғада болып, бір сөз табына жатады.

4. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады.

▲ Қызметі мен сұраулары ортақ болып, өзара салаласа байланысқан екі я одан да көп мүшелерді сөйлемнің бірыңғай мүшелері дейміз.

Одан соң бірыңғай мүшелердің тыныс белгісін қою емлесін ұғындыру қажет.

Жазуда бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. Бірақ үтір бірыңғай мүшенің бәріне қойыла бермейді. Үтір мынадай жағдайда қойылады:

1. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, араларына үтір қойылады. Аспан айқын, ашық. [О, О].

2. Егер жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшенің әрқайсысымен қайталанып айтылса, араларына үтір қойылады. Инженер де, мұғалім де, еңбегі асқан екпінді де осы үйден табылады. (О де, О де, Оде). Кейде шортан, кейде шабақтар ілігіп қалады. (кейде О, кейде О.)

3. Бірыңғай мүшелер бірақ деген қарсылық жалғаулығы арқылы байланысса, араларына үтір қойылады: Орта бойлы, бірақ толықша қара сұр жігіт еді. (О, бірақ О).

Мынадай жағдайда бірыңғай мүшелердің арасыта үтір қойылмайды:

1. Бірыңғай мүшелердің арасын пен, және жалғаулықтары бір-ақ рет байланыстырса, үтір қойылмайды. Күні-түні қолынан кітап пен қарындаш түспейтін. (О пен О).

2. Да, әрі, не, немесе, яки жалғаулықтары қайталанбай, бірыңғай мүшелердің арасында бір-ақ рет келіп тұрса, үтір қойылмайды. Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы. (О да О). Көбінің жүзі ақшыл не қызғылт сарғыш келген. (О не О).

Анықтамалар мен ережелерді түсіндіріп болған соң, пысықтау жұмыстарын алып бару мақсатында жаттығу жұмыстарын орындатып отыру қажет. Сонымен қоса әр түрлі қызықты грамматикалық тапсырмалар беріп отыру да тиімді нәтиже береді.

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

Мысалы, кесте бойынша сөйлем құрауға қаратылған тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетімен қоса саналы меңгеру мүмкіндігін де жаратады.

Бірыңғай бастауыш	
Бірыңғай баяндауыш	
Бірыңғай пысықтауыш	
Бірыңғай толықтауыш	
Бірыңғай анықтауыш	

5-9 сыныптарда бірыңғай мүшелерді оқыту технологиясындағы сөйлем мүшелерінен берілетін білім мазмұнын іріктеуде бұл сынып оқушыларының білім, дағды, іскерліктері белгілі бірдей дәрежеде қалыптасқаны назарда ұсталынады. Осындай мәселе біздің алдымызға 5-9 сынып оқушылары үшін бірыңғай мүшелерді оқытуда негізгі теориялық тірек іздеу керектігін танытты.

Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатын, бір-біріне бағынбай, өзара салаласа байланысатын бірыңғай мүшелердің тыныс белгілеріне тоқталар болсақ, мектеп оқулығында емле мен бірнеше жаттығу жұмыстары берілген.

Бірыңғай мүшелерге байланысты қойылатын үтір		
Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз келгенде	<i>Да, де, әрі, я, яки, не, немесе, әлде</i> жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшелермен қайталанып келгенде	<i>Да, де</i> жалғаулық шылаулары бірыңғай баяндауыштар арасында қайталанбай келгенде
Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. (М.Ә.)	Жиынға түсінікті қазақ әні, әрі скрипкада, әрі өнерлі, жіңішке, ашық үнді әншінің көмейінде ырғалғанда, жұрт жаңадан рахат тауып тамашалап отыр. (М.Ә.)	Сен де бір кірпіш дүниеге Кетігін тап та, бар қалан! (А.Қ.)

Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін оқыту кезінде қолданылатын тиімді **әдіс-тәсілдерге** сұрақ-жауап, әңгімелесу, баяндау, ой қозғау, түртіп алу стратегиясы, венн диаграммасы, ойын т.б. пайдалануға болады.

Жазуда бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. Бірақ үтір бірыңғай мүшенің бәріне қойыла бермейді. Үтір мынадай жағдайда қойылады:

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

1. Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, араларына үтір қойылады. Аспан айқын, ашық. [О, О].

2. Егер жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшенің әрқайсысымен қайталанып айтылса, араларына үтір қойылады. Инженер де, мұғалім де, еңбегі асқан екпінді де осы үйден табылады. (О де, О де, Оде). Кейде шортан, кейде шабақтар ілігіп қалады. (кейде О, кейде О.) Егіс мәдениетін әрі өсірем, әрі кеңейтем. (әрі О, әрі О).

3. Бірыңғай мүшелер бірақ деген қарсылық жалғаулығы арқылы байланысса, араларына үтір қойылады: Орта бойлы, бірақ толықша қара сұр жігіт еді. (О, бірақ О).

Мынадай жағдайда бірыңғай мүшелердің арасыта үтір қойылмайды:

1. Бірыңғай мүшелердің арасын пен, және жалғаулықтары бір-ақ рет байланыстырса, үтір қойылмайды. Күні-түні қолынан кітап пен қарындаш түспейтін. (О пен О). Қарағандының өзінде орысша және қазақша драмалық театр, бірнеше кинотеатр бар. (О және О).

2. Да, әрі, не, немесе, яки жалғаулықтары қайталанбай, бірыңғай мүшелердің арасында бір-ақ рет келіп тұрса, үтір қойылмайды. Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы. (О да О). Көбінің жүзі ақшыл не қызғылт сарғыш келген. (О не О).

Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін қайта еске түсіру керек:

1. Жалғаулық шылауларсыз байланысқан бірыңғай мүшелердің арасы үтірмен бөлінеді.

2. Бірыңғай мүшенің әрқайсысынан кейін жалғаулық шылау қайталанып келсе, үтір қойылады.

3. Бірыңғай мүшелер мен, және шылауларымен байланысса, шылаулар қайталанбаса, үтір қойылмайды.

Оқулықпен жұмыс алып барғанда негізінен **жаттығу /ауызша, жазбаша/** жұмыстарын орындау керек. Жаттығудың шарттары да әр түрлі болып, оқытушы оларды алдымен түсіндіріп, содан кейін оқушыларға кейде жеке, кейде топ болып орындатып отырады. Жаттығу шарттары мынадай үлгілерде кездеседі:

- Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тіркескен сөздерімен тауып, қандай сұрақтарға жауап беретінін, қай сөз табы болатынын анықтау;

- Көшіріп жазып, тыныс белгілерін қойыңыздар. Бірыңғай мүшелердің қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтап, астын тиісті сызықпен сызыңыздар;

- Мәтіндегі бірыңғай мүшелердің арасындағы үтірдің қойылу мәнін талдап көрсетіңіздер;

"O'ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI" MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

- Мәтінді оқып, бірыңғай мүшелерге жалпылауыш сөз қосып көшіріңіздер, олардың тиісті тыныс белгілерін қойыңыздар;

- Мәтіндердің тиісті жеріне үтірді қойып, көшіріңіздер. Бірыңғай мүшелерді табыңыздар. Асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып жазыңыздар; т.б.

Сабақты бекіту кезеңінде **сызбамен жұмыс:** /оқушылар берілген сызба бойынша бірыңғай мүшелерді қатыстырып сөйлемдер құрайды. Осы арқылы жаңа тақырыпты түсінген-түсінбегендерін тексеру/

[О, О, О]

[О,О – О]

[О,О және О]

[әрі О, әріО]

Осы сияқты әдістер негізінде **грамматикалық тақырыпты бекіту жұмыстарын** жүзеге асыруға болады.

Қорыта айтқанда, оқушыларға сөйлемнің бірыңғай мүшесі туралы теориялық білім беру, оны практикамен бекіту,бірыңғай мүшенің байланысу жолдары, тыныс белгілерінің қойылуы жөнінде түсінік беру мақсатында түрлі әдістерден пайдаланып отыру тиімді нәтиже береді. Әрине, тек білім беру ғана емес, сонымен қоса оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгішікке тәрбиелеу, танымдық қабілеттері мен белсенділіктерін арттыру, сөздік қорын байыту, ой еңбегімен айналысуларына жетелеу сияқты мәселелерге де көңіл бөле отыру қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Астана: 2002, — 784 б.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: 1998. – 509 б.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: «Санат», 1997. – 240 б.
4. Әмір Р., Әмір Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2003.\
5. Шаяхметова М.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. – Алматы, 1980
6. Omanova, M. (2024). IMPORTANCE OF VOICE IN EXPRESSIVE READING. Galaxy International Interdisciplinary Research Journal, 12(1), 125-128.
7. Omanova, M. (2024). NIZOMIY GANJAVIY MEROSINING ALISHER NAVOIY IJODIGA TA'SIRI. Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences, 4(20), 24-27.
8. Kahramanov K. Naim Karimov Is a literary scholar, Scholar and critic. Rivista Italiana di Filosofia Analitica Junior. 2023, Vol 14. ISSN: 2037-4445.

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

9. Makhbuba Urazbayeva, Burkhanova Feruza, Pardayeva Nigora, Atabayeva Go`zal, Qodirova Mashhura. Issues of Distribution of Bear Image in Uzbek Novels. *Journal of Advanced Zoology*. 2023. 2184-2192 p.
10. Kalandarova D. “Issues of Uzbek Folklore and its Research in Germany”. *Journal of Positive School Psychology* 6.9 (2022): 4395-4398.
11. Omanova, M. A. (2020). Updating views on literary heroes and glory in the novels of the period of independence. *Novateur publications JournalNX-A Multidisciplinary Peer Reviewed Journal*, 6(10), 415-419.
12. Omanova, M. A. (2023). Perfect human interpretation in Alisher Navoy's creation. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 11(1), 346-347.